



Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Ақпараттық-талдау Орталығы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 21 маусым 1993 ж. N 1248. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Президентін, Вице-президентін және үкіметін ішкі саясат проблемалары жөніндегі талдау және сараптау материалдарымен қамтамасыз етуді жақсарту, Республика басшылығын қоғамдық-саяси ахуал мен қоғамдық пікірдің жайы туралы жедел хабарландырып отыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының құрылымында Ақпараттық-талдау Орталығы құрылсын. Орталықты ұйымдастыру Аппараттың жалпы штат санының шегінде жүргізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Ақпараттық-талдау Орталығы туралы Ереже(қоса беріліп отыр) бекітілсін.

3. Ақпараттық-талдау Орталығының басшысы сонымен бірге Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты басшысының орынбасары болып табылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

**Қазақстан Республикасының Президенті мен
Министрлер Кабинеті Аппаратының Ақпараттық-талдау
орталығы туралы**

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Ақпараттық-талдау орталығы Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Орталық қызметінің құқылық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңдары, Президенттің жарлықтары мен өкімдері, Министрлер Кабинетінің қаулылары, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

3. Орталық құрамына осы Ереже негізінде қызметін жүзеге асыратын тиісті бөлімшелер кіреді.

II. Ақпараттық-талдау орталығының міндеттері

4. Орталықтың негізгі міндеттері мыналар:

- ішкі саяси процестерді кешенді түрде талдау;
- Қазақстан Республикасының Президентін, Вице-Президентін және үкіметін ішкі саясат проблемалары жөніндегі талдау және сараптау материалдарымен қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының Президенті мен үкіметі қабылдайтын шешімдердің халықтың түрлі жіктеріне, халықаралық қоғамдастыққа тигізетін әсеріне талдау жасау;
- Қазақстан Республикасының басшылығын жергілікті жерлердегі және тұтас алғанда республикадағы қоғамдық-саяси ахуал мен қоғамдық пікірдің жайы туралы хабардар ету;
- Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалға талдау жасау, тиісті талдау және сараптау материалдарын, әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды жүзеге асырудың ықтимал зардаптарына болжамдық баға беруді әзірлеу;
- Қазақстан Республикасындағы этносаяси ахуалға талдау жасау, этносаяси процестерді болжамдау, этносаясаттың концептуалды негіздерін талдап жасау жөнінде сараптау материалдарын құрастыру, этникааралық қайшылықтар мен қақтығыстардың алдын алу және тыю тетіктерін қалыптастыру;
- республикалық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының саяси және әлеуметтік-экономикалық проблематика жөніндегі материалдарына талдау жасау

III. Ақпараттық-талдау орталығының функциялары.

5. Өз міндеттеріне сәйкес Орталық мынадай функцияларды:

- Қазақстандағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуалға баға беру және болжамдау жөніндегі талдау және сараптау материалдарын әзірлеуді, ішкі саясат проблемалары бойынша ғылыми-зерттеу мекемелерімен және социологиялық қызметтермен бірлесіп іс-әрекет жасауды;
- Қазақстандағы саяси ахуалды зерделеуді және оның келешегін болжамдауды;
- Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының концептуалды проблемалары бойынша ұсыныстар әзірлеуді;
- мемлекеттің ұлт және ұлтаралық қатынастар саласындағы саясатының концептуалды негіздерін талдап жасауды;
- ішкі саясаттың жедеғабыл проблемалары бойынша қоғамдық пікірдің зерделенуін ұйымдастыруды;
- партиялар мен қоғамдық ұйымдардың ішкі және сыртқы саясат мәселелері жөніндегі айқындамасы, қызметі туралы елдің басшылығы хабардар болуын және осы проблемалар бойынша ұсыныстар әзірленуін;

- Қазақстан Республикасының Президенті мен үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын, қызметін түсіндіруге байланысты саяси науқандар ұйымдастыруды;
- Қазақстан Республикасы Президентінің бағытын қолдау жолдарын әзірлеуді жүзеге асырады.

IV. Ақпараттық-талдау орталығының бөлімшелері

6. Жоғарыда аталған міндеттер мен функцияларды атқару үшін Орталықтың құрамына мынадай бөлімшелер ұйымдастырылады:

- саяси процестерді талдау секторы;
- әлеуметтік-экономикалық талдау секторы;
- қоғамдық пікірді зерделеу секторы;
- Президенттің кітапханасын жинақтау секторы.

V. Ақпараттық-талдау Орталығының қызметін қамтамасыз ету

7. Орталық өз қызметін жүзеге асыру үшін:

- белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, мекемелерден, ұйымдар мен кәсіпорындардан кез-келген қажетті ақпаратты, оның ішінде құпия ақпаратты (басшылықтың келісімімен) сұратуға және алуға;

- мемлекеттік органдардың шешімдерін алуға;

- Орталық қызметкерлерінің іссапарларын, оның ішінде шетелдік іссапарларын жоспарлауға және жүзеге асыруға;

- байланыс пен коммуникацияның мемлекеттік, оның ішінде үкіметтік арналарын пайдалануға;

- ғылыми мекемелерді, жекелеген ғалымдар мен мамандарды, оның ішінде шартты негізде жұмысқа тартуға;

- мемлекеттік органдардың, архивтердің, ғылыми мекемелердің, кітапханалардың деректерінің ақпараттық банктерімен пайдалануға құқылы.

Орталықты материалдық-техникалық, құқықтық, құжаттамалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының тиісті бөлімшелері жүзеге асырады.

VI. Ақпараттық-талдау орталығы басшысының құқықтары мен міндеттері

8. Орталықтың басшысы Орталықтың бүкіл қызметіне басшылық етеді, осы қызметтің нәтижелері үшін, Орталықтағы тәртіптің жай-күйі үшін жауап береді.

9. Орталықтың басшысы:

- Орталықтың қызметкерлерін тағайындау және босату туралы ұсыныстар енгізеді;

- өз орынбасарларының міндеттерін белгілейді;

- Орталық секторлары қызметінің міндеттері мен бағыттарын айқындайды;

- Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесінің мәжілістеріне қатысуға құқылы;

- Орталықтың жұмысын Қазақстан Республикасының Президенті мен
Министрлер Кабинеті Аппаратының тиісті бөлімшелерінің қызметімен,
сондай-ақ мемлекеттік өкіметтің жергілікті органдарының тиісті бөлімшелерімен
ү й л е с т і р і п о т ы р а д ы ;

- Орталықтың құзыры шегінде қызмет құжаттамасына қол қоюға құқылы;
- Орталықтың қызметкерлерін белгіленген тәртіппен көтермелеуге ұсынып
отырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК